

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАСҚАРУ ФАКУЛЬТЕТІ
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.12.2025ж.

Қатысқандар: АК төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: э.ғ.к. А.Сапарова, PhD А.Құралбаев, М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, Л.Тайжанов, аға оқытушылар Г.Султанханова, А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан қ. «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БҚКО-ның басшысы А.Мендібаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; «GOLDEN GROUP» ЖШС директоры С.Пірімбетов, «Жолаушы» ЖШС директоры Р.Еркінов, «Walker group» ЖШС директоры Е.Рустемов, 6B04141- ББ білімгері Айдын Саттар, 6B04140- ББ білімгері Л.Анарбай, 6B04142- ББ білімгері Бірғаным Бақытжанқызы, 6B04143-ББ білімгері Жулаева Диана, 7M04141 - ББ білімгері Әбдмева Рано, 8D04106- ББ білімгері Л.Нұсқабаева.

Шақырылғандар: Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Г.Азретбергенова.

Күн тәртібі;

1. Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру (қараша)
2. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (ББ мазмұнын қайта талқылау, жаңарту, қолданыстағы ББ шығару, жаңа ББ әзірлеу (желтоқсан)
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша АК төрағасы М.Оспанкулова сөз алды.

"Бизнес және басқару" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде жұмыс берушілердің қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізу келесі мақсаттарға бағдарланып өткізіледі:

- білім беру процесінің тәжірибелік-бағдарлануын күшейту;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және өзектендіру кезінде жұмыс берушілердің талаптары мен күтулерін есепке алу;
- академиялық комитеттің кәсіби қоғамдастық өкілдерімен өзара іс-қимылын дамыту.

АК мүшесі А.Сапарова сөз алып 30,10,25ж. күні Экономика, қаржы және есеп кафедрасының ұйымдастырумен бітіруші курс білімгерлеріне, қазіргі таңда Қазақстанда өз саласында бренд болып табылатын «Лидер» жиһаз жасау фабрикасының өкілдерімен кездесу өткізілгенін айтты. Экономика, қаржы және есеп кафедрасының оқытушы-профессор құрамы және студенттермен қазіргі таңдағы жиһаз жасау саласындағы ерекшеліктерімен ол жердегі жүргізілетін жұмыстарға қажетті мамандардың қажеттілігі жайлы сұқбат жүргізілді. Экономика қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Г.Азретбергенова «Лидер» ЖШС өкілдеріне берілген мәліметтерге рахмет айтты. Сонымен қатар, кафедра мен Лидер жиһаз фабрикасы әрі қарай бірігіп атқаратын жұмыстарының жоспары жасалды, Осы 2025-2026 оқу жылында 4 курс студенттерін практикаға алатыны жайлы хабардар етті.

АК мүшесі А.Асанова сөз алып, 26.11.2025 ж. «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының «Аудит негіздері» пәнін тереңірек түсіну мақсатында кәсіби тәжірибе алмасу және аудит саласының маңыздылығын арттыру үшін «Түркістан облысы бойынша

тексеру комиссиясы» Мемлекеттік мекемесімен Дөңгелек үстел ұйымдастырылғаны туралы айтты. Кездесу барысында мекеме төрағасы Тапеев Ғалымжан Серікбайұлы, аппарат басшысы Жанабай Абзал Мұханұлы, «Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету» бөлімінің басшысы Жолдасбеков Ербол Акимбекович білімгерлерге аудиттің теориялық және практикалық аспектілерін тереңірек түсіндіріп, пікір алмасты. Білімгерлер арасынан сұрақтар қойылып, пайдалы ақпараттар алды.

АК мүшесі Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев сөз алып, 22.12.2025 ж. Университетімізде оқу ордамыз бен Түркістан облысының Білім басқармасының ұйытқы болуымен Түркістан облысы бойынша Кадрлық қажеттіліктің өңірлік картасын әзірлеу жөніндегі форсайт-сессия өткенін айтты. Айтулы іс-шара Мемлекет басшысының «Жаңа кәсіптер мен дағдылар атласын әзірлеу» жөніндегі тапсырмасына және «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында арнайы ұйымдастырылды. Іс шара нәтижесінде «Мамандығым-болашағым» Дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді.

Шешім:

Өткізілген дөңгелек үстелдердің нәтижелері (жұмыс берушілердің ұсыныстары) келесі жағдайларда ескерілсін:

- білім беру бағдарламаларын жетілдіру;
- пәндер мен практикалардың жұмыс бағдарламаларын өзектендіру және дуалды білім беру жүйесін енгізу;

Екінші мәселе бойынша Академиялық комитет төрағасы. М.Оспанкулова Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі аясында Х. А. Яссауи университетінің "Бизнес және басқару" даярлау бағыты бойынша бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларына ішкі аудит жүргізілгенін айтты.. Аудит келесі мақсатта өткізілді:

- ҚР МЖМБС талаптарына ББ сәйкестігін бағалау;
- мәлімделген оқу нәтижелеріне қол жеткізуді талдау;
- ББ мазмұнының университеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестік дәрежесін анықтау;
- тәуекелдерді анықтау және жақсарту аймақтары.

Аудит нәтижесінде комиссия келесідей қорытындыға келді

1.6B04140-Менеджмент (бакалавриат):

- бизнесті цифрландыру мен жобалық басқаруды ескере отырып, басқарушылық және кәсіпкерлік блок пәндерінің мазмұнын өзектендіру. Атап айтқанда «Маркетинг стратегиялары» пәнін алып тастап, «Сандық маркетинг» пәні етіп ауыстыру; «Әлеуметтік саладағы менеджмент» пәнінің орнына «Басқарудағы жасанды интеллект» пәніне ауыстырып оқу жоспарын қайта қарау;

- тәжірибеге бағдарланған құрамдас бөлікті және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды күшейту.

2. 7M04119 Менеджмент (магистратура)

- ББ іске асырылуын ішкі бақылау талаптарына сәйкес деп тану.
- зерттеу және жобалау компонентін күшейту;
- магистрлік жұмыстардың тақырыбын кафедраның ғылыми бағыттарына сәйкес келтіру;

3. 6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару (бакалавриат)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформаларды ескере отырып, жұмыс тобына білім беру бағдарламасын жаңарту ұсынылсын:

- цифрлық мемлекет, мемлекеттік қызметтер және стратегиялық жоспарлауды жасанды интеллект арқылы басқару, процесстреді басқаруды автоматтандыру және

цифрландыру, құқықтық-нормативтік және заңнамалық құжаттар, стратегиялық бағдарламалар мен Ұлттық жобаларды ескере отырып пәндерді өзектендіру, оқу жоспарын қайта қарау;

- аналитикалық және басқарушылық құзыреттер бойынша модульді күшейту.

4. 7M04121 Мемлекеттік және жергілікті басқару (магистратура)

- Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы болжамдау және аналитикалық бағытты күшейту;

- магистрлік зерттеулердің практикалық бағытын қамтамасыз ету;

5. 6B04142-Экономика (бакалавриат)

Қолданбалы және аналитикалық экономикаға бағдарланған ОП мазмұнын жаңартуды ұсыну.

- мамандандырылған пәндерге деректерді талдау элементтерін енгізу;

- оқу процесінде цифрлық құралдар мен бағдарламалық өнімдерді пайдалануды кеңейту.

6. 7M04118-Экономика (магистратура)

ОП тұжырымдамасын қайта қарау қажеттілігін белгілеу.

- ғылыми-зерттеу компонентін күшейту;

- магистрлік диссертациялар тақырыбын өзектендіру.

7 6B04143- Есеп және аудит (бакалавриат)

- кәсіби бағдарламалық жасақтаманы пайдалануды кеңейту;

- практикамен байланысты күшейту.

8. 7M04120-Есеп және аудит (магистратура)

- халықаралық аудит пәнін қосу

- магистерлік диссертацияға қойылатын талаптарды қайта қарау.

9. 6B04144-Қаржы (бакалавриат)

- Қаржы нарықтары және қаржы технологиялары (FinTech) пәндерінің мазмұнын өзектендіру;

- оқу процесінде цифрлық құралдар мен бағдарламалық өнімдерді пайдалануды кеңейту.

- практик-мамандарды тарту практикасын кеңейту

10. 7M04141-Қаржы (магистратура)

- стратегиялық және аналитикалық блокты күшейту;

- оқу процесінде цифрлық құралдар мен бағдарламалық өнімдерді пайдалануды кеңейту.

Шешім:

1. Аудит нәтижелері есепке алынсын

2. Тапсырмалардың орындалуын бақылау Академиялық Комитеттің төрағасына және кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

АК төрағасы



М.Оспанкулова